

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOва А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д . Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

Сирек кездесетін тағы бір талант иелері бар, олардың шығармашылық ғұмыры қашанға созылса да, олар мәңгі жас. Оқырманы да жас. Заман талабы өзгеруі мүмкін, бірақ оның өлеңдері бәрібір оқылады. Осындай өміршең туындылар арасында Ф. Оңғарсынова шығармашылығы тұр. Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның сөзімен айтар болсақ: «Нағыз ақындар гауһар тас іспетті өте сирек. Жүз жылда бір келеді. Ендеше, сол сиректің бірі және асылы – Фариза» [5]. Демек, ақынның эстетикалық талғамының биіктігі, жан әлемнің биіктігі, рухани байлығы, осының барлығы ақынды өнер тақырыбына арналған шығармалар жазуына алып келді.

Қазақ поэзиясы қазақ халқымен бірге талайдан бірге жасап келеді, жасай да бермек. Демек, Фариза Оңғарсынованың поэзиясы туралы әңгіме өмірдің өзі секілді мәңгі әңгіме деп ойымды аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңғарсынова Ф. Мен оны туысымдай көретінмін...// А. Алтын Орда .18.09.2003.
2. Оңғарсынова Ф. Өлеңдер мен поэмалар // Екі томдық шығармалар жинағы. – А. 1987.- Т.27 – 368 бет.
3. Оңғарсынова Ф.//Он томдық шығармалар жинағы. – Аст. 2004. Т.2. Өлеңдер, дастандар. – 340 бет.
4. Оңғарсынова Ф. “Менің досым – халық”// А. Ана тілі. 1998ж, 29-қазан. 4-бет.
5. stud.kz

ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ – ҚОҒАМ БЕЙНЕСІ (ПРОФЕССОР С.ТАПАНОВАНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Хамитова Э.А.

Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті,
Жезқазған қаласы,

Умбетова А.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы

Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын зерделеп-зерттеу бүгінгі күннің басты міндеті болып қана қоймай, өткенімізге үнілуге, бүгінімізді саралап, болашағымызға бағыт-бағдар жасауымыз үшін қажет. Әсіресе, бұл міндеттің қазіргі тәуелсіздік жағдайында өмір сүріп, әлемге танымал бола бастаған еліміз үшін маңызы ерекше.

Қандай да бір ғылым саласында болсын, ғылымды жасаушы да, дамытушы да, халық игілігіне жаратушы да – жекелеген дарынды тұлғалар. Әдебиеттану ғылымы мен әдебиет сынының даму тарихында өзіндік қолтаңбасы бар Сәуле Тапанованың еңбектерін жан-жақты саралай қарастырып, өзара салыстыра бағалау нәтижесінде ғана нақты кезеңге тән әдеби үрдістің шынайы бейнесі объективті көрініс табары анық.

Филология ғылымдарының докторы, профессор С.Е.Тапанованың «Қазақ романдарындағы ғашықтық сарын» (2007), «Қазақ басылымдарындағы әйелдер бейнесі» (2013) «Қазақ романдарындағы әйелдер бейнесі» (2017) атты монографиялары жарық көрді. «Қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақтар» (1997), «Әйелдер образын жасаудағы алғашқы тәжірибелер» (1998), «Реалистік образ жасаудағы ізденістер (1999), «Қазақ тарихи романдарындағы махаббат желісі» (2007), «Психологиялық романдардағы махаббат тақырыбы» (2007) деп аталатын зерттеулерінде қазақ әдебиетіндегі әйелдердің бейнесі зерттелген. Үш жүздей ғылыми мақалалардың авторы. 2 мақала («Абай шығармаларындағы махаббат, ғашықтық тақырыбы», «Б.Нұржекеевтің «Күтумен кешкен ғұмыр» романындағы қыз бала тәрбиесінің халық педагогикасымен байланысы») Қытай Халық Республикасы, Синдян Жастар-Өрендер баспасынан, 6 мақала Ресей, 2 мақала Франция (Париж), Польша, Австрия, Индия, Түркия т.б. елдерінен 1 мақаладан жарыққа шыққан.

С.Тапанованың зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалаларының тақырыптарына назар аударсақ, ғалымның зерттеу нысанасы, негізінен, әйел мәселесі екендігін аңғарамыз.

«Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін» әз аналардың, қазақ тарихындағы ұлы аналардың тізімін жасар болсақ, көш-құлаш есімдерді мысалға келтіруге болады, атап айтсақ Ұмай-анадан бастау алатын аңыз-әфсаналар санамызды әлі де кезіп жүр, Томирисің (Тұмар ханым) ерлік тарихы есімізден өшкен емес, Бопай ханымның ерліктері мен Бөртеңіз ізгілікті өмірі туралы сыр Сырдың бойында өлеңдей қаулап әлі жүр, Домалақ ананың (Нұрила) қасиеті туралы аңыз бен ақиқат араласып кеткен, Зеренің зергер зейіні Абай хакімді баулауға нұрлы шырақ болса, Әйгерім мен Ділдәнің мағыналы ғұмыры туралы кім айтса да тамсанып айтары даусыз. Аңыз ақиқаттан бастау алатынын ескерсек, біздің тарихымызда, әдебиетімізде ұлы әйел-аналардың алар орны ерекше.

Қазақ жұртында әйел затын ерекше ардақ тұтатын салт-дәстүр бар. Қыз баланы аз күндік қонақ ретінде сыйлап, алтынның сынығы, шұғаның қиығы деп тақиясына үкі қадап, үлпілдетіп өсірген. Нәзіктік пен сұлулықтың бастауы болған әйел затына ерекше құрметпен қараған қазақ халқының өткендегі тарихына үңілсек, ел аузында аңыз боп тараған қажыр-жігері арқылы ел билеп, топқа түсіп, сөз сөйлеген әйелдері де аз емес. Қызай, Қарашаш, Мұрын, Бөтей, Ұлдай, Енең т.б. [1, 8-9] әйел атымен аталатын ру аттары күні бүгінге дейін мәлім.

С.Тапанованың әйелдер бейнесінің қазақ әдебиетінде көрінісі туралы

ғылыми тұжырымдары ғалым еңбектерінде жалғасын тауып, дамып, жетіліп, түрленіп отырады.

Қазақ әдебиетінде «мінсіз ару», «ғажайып әйел», «адал жар» үлгісін жасау дәстүрі әртүрлі қиссалардан, эпостық жырлардан және аңыз-ертегілерден айқын көрінеді. Мысалы, «Ай астындағы Айбарша», «Күн астындағы Күнікей», «Айдай сұлу Айсұлу» ертегілерінде, «Жүсіп-Зылиқа», «Мухаббат-наме», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр» жырларында [2, 15] сүйгеніне деген адалдық, үміт отын өшірмей, жарын ұзақ жылдар бойы күткен арулардың тамаша келбеті айырықша әсемдігімен ерекшеленеді.

Халықтың төл туындылары – ел арасына кең тараған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» халық арасына ауызша тарап, баспада жариялана алмаған нұсқалар «Күлше қыз», «Күл мен қыз», «Мақпал қыз», «Есім-Зылиха», шығыс әдебиетінен алынған қиссалар «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Бозжігіт», «Таһир-Зухра», «Жүсіп-Зылиха», «Шәкір-Шәкірат» т.б. әйел тағдырын арқау еткен, жұртшылық сүйіп оқитын шығармаларға айналған дастандар.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры – халқымыздың көне тарихынан жеткен асыл мұрасы, әлемдік мәдени-тарихи құбылыс. Баян сұлу – өз заманындағы қазақ қызының идеалы. Жыршылар арудың бойына қазақ әйелінде болуға тиісті барлық асыл қасиетті жинақтаған. Ол – сұлу қыз, адал қалыңдық, қамқор әйел. Жырда Баянның суреті:

Бұралған тал шыбықтай ол Баян қыз,

Тым сұлу көркемдігі жұртқа аян қыз,-деп беріледі.

Тал бойында бір міні жоқ, қолаң шашты, меруерт тісті, аузынан сөйлесе, гүл төгілген, жасы он төрттегі Баянның көңіл-күйін «Анда-санда болмаса сөйлеспейді, жалғыз жатып Қозы үшін қылады зар» деп суреттеудегі себеп – сүйгенін сарыла күткен Баянға берілген осы баға басқа кейіпкерлердің сөздерімен де, Қозының өз көзімен де, Баянның өзінің іс-әрекеттерімен де расталады. Оның сыртқы сұлулығына ішкі жан дүниесі де, мінез-құлқы да, қимылы да сай. Баян тек көркімен ғана емес, ақылымен, ерлігімен де сұлу.

Баян – өте ақылды, байсалды, төзімді, сабырлы қыз. Құдай қосқан жарын сарғая күтіп, зор шыдамдылықтың үлгісін көрсеткен бейне.

Қазақтың лиро-эпос жырларына көшбасшы болған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырынан кейінгі тілі көркем, көлемді сюжетті жыры – «Қыз Жібек» жыры болып саналады.

Жібек сияқты сұлуға ғашық тек Төлеген ғана емес, сол елдің атқа мінер азаматтарының біразының қолы жетпей жүрген ару.

«Қыз Жібек» жырындағы сұлу қыздың ақ жүзін сипаттайтын тұсына көңіл аударайық:

Қыз Жібектің ақтығы

Наурыздың ақша қарындай.

Ақ бетінің қызылы

Екі бетінің ажары

Жазғы түскен сағымдай,

Білегінің шырайы

Ақ тауықтың қанындай, Ай балтаның сабындай,-деген салыстырулар – халықтың тұрмыс-жағдайына, өмір сүрген ортасына тікелей байланысты туған бейнелі сөздердің тамаша үлгілері. Олардың өзіне біткен айырықша сипатын белгілейтін де осы ұлттық бояу бедерінің айқындығы.

Жырда Жібек – көп сұлудың бірі ғана емес, атадан көргені, анадан білгенін үйренген бақ-дәулеті бар атаның қызы. Ол заманда жақсы әйел, жақсы қызға қойылатын негізі шарт – оның сұлулығы, ақылы болған. Ал, Жібек бойынан осының барлығын кездестіруге болады [2, 25-28].

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ елінің әлеуметтік-қоғамдық тіршілігін қамтитын, халық арасына кең тараған, оқиғасы реалистік өмірден алынған қазақтың лиро-эпостық жырларының бірі – «Айман-Шолпан» жыры. Жырдағы Айман – өте ақылды, сирек кездесетін би қызының үлгісі. Өз басының мүддесіне келгенде, ол – бас бостандығын іздеген, үлкен махаббат иесі болған образ.

XIX ғасырдың аяғында көркем әдебиетте әйелдердің тұрмыс жағдайы арқылы қоғам өркениетінің дамуын байқауға болады деген критерий қолданыла бастайды. Яғни, қоғам дамуының белгісі – сол қоғамдағы әйел тұрмысы, жағдаймен өлшенеді деген идеяны орыс әдебиетінде Н.Г.Чернышевский «Не істеу керек?» деген еңбегінде қолданса, ал қазақ әдебиетінде 1917 жылы М.Әуезов «Адамдық негізі – әйел» атты тырнақалды туындысында қолданады [3, 85].

XX ғасыр басындағы алғашқы қазақ романдары кешегі кеңестік жүйе тұсындағы шындық тұрғысынан қарастырылып, олардың тұңғыш рет жазылғандығына қарамастан құндылығы төмен деп біржақты бағаланды, бұл жерде идеологиялық қатаң бақылаудың да зиянды әсері тимей қалған жоқ. Себебі, «ұлтшыл-буржуазияшыл» бағыт өкілі ретінде аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, жазушы Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы өмірде болып, қазақ қоғамында үлкен сілкініс туғызғандығы туралы мүлде ұмыттырып, әдебиет тарихында ескерусіз қалды. Мұның есесіне Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы асыра мақталды да, жарты ғасырдан астам уақыт бойы әділетсіздік бой көрсетіп, шындық бұрмаланды. Бұл жерде «Қалың мал» романының көркемдік құндылығын, әдебиет тарихындағы орнын еш жоққа шығармаймыз. Кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің тоталитарлық тәртібі әдебиетке іріткі салып, ұлттық көркем дүниенің асылдарын туған халқынан жасырып бақты да, алғашқы романдардан болсын, басқа шығармаларда болсын бай мен кедей күресін, яғни тап тартысы болуын талап етті.

Қазақ қаламгерлері әдебиет әлемінде замандастарына, кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық әйел образдарын сомдап қалдырды.

«Ұлпан» – қазақ әйелінің жарқын тұлғасын көрсете білген отандық әдебиеттегі шоқтығы биік әдеби бейне. Италияндық суретші Леонардо да Винчи «Джаконда» бейнесін қалай салса, сөз зергері Ғ. Мүсірепов те «Ұлпан» образын өлмейтін туынды жазу арқылы жасап шықты.

Жазушы өзінің айшықты шығармасының басты кейіпкері туралы

қойын дәптерінің бір шетіне «Менің Джакондам – Ұлпан» деген жазба қалдырыпты. Шығарма жазылғанға дейін жазушы Ұлпан бейнесін қырық жыл бойы жүрегінің төрінде, санасының түкпірінде сақтап келген.

Ұлпан – дүние-байлыққа қызықпаған, ел қамын, ағайын бірлігін жеке басының бақытынан жоғары қойған. Ол – ауылын ақылмен басқарған, ағайынын сыйластығымен тандатқан сұңғыла жан. Жазушы Ұлпан бойындағы үш ұлы сезімді оқырман көкірегіне егіп кетті. Біріншісі – Ұлпан болудың арғы түбі әкенің ұл орнына өсірген ақылды, есті қыз болып өсуінде. Екіншісі – әйел-ана болудың зор бақыты екенін сезіне білуінде. Үшіншісі – ибалы қазақ әйелі қандай ақылды, күдіретті болса да, ер-азаматтан кейін тұруы тиіс деп санайтын нағыз қазақы тәрбиенің қайнарында екендігінде.

Қазақ әдебиетін негізін қалаушылардың бірі Ж.Аймауытовтың «Ақбілегі» өмірден алынған шынайы оқиғалар негізінде шебер жазылған көркем туынды, адамның өмірі мен күрделі тағдыры туралы бейнелі жазылған психологиялық роман. Ақбілек сүйгеніне қосыла алмаған жан. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, қиындық көрсе де өмірден күдер үзген жоқ. Елдің өсегіне де, жанды жеген жүрек жарасына да қарамай алға ұмтылуын тоқтатпаған. Ақбілек – қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің көркемдік шыңы.

Елім деп еңіреп өткен кешегі заманда зиялы қауым қатарында болған арысымыздың бірі Міржақып Дулатовқа да еріксіз қолына қалам алдыртқан қоғамда болып жатқан әйел тағдыры, әйел теңсіздігі стянқты келеңсіз жағдай еді. Халқының үлкен қамқоршысы болған М. Дулатов қазақ әйелдерінің тұрмыс-тіршілік күйін көрді, мұң-шерін, өз сүйгеніне қосыла алмаған, өз махаббаты үшін күресе алмаған қыздардың өміріне, ұлттық әдет-ғұрып, салт-сананың кедергісін көрді. Әйелдер тағдыры оны көп толғандырған. Қызын кім болса соған сата салу салтын, мал үшін кімге болса да, кәріге де, тіпті әйел үстіне тоқалдыққа да мал, атақ, байлық үшін бере салатынын, қызынан «шырағым, бұған қалай қарайсың?» деп бірауыз келісім сұрамайтынын, оның болашағын ойламайтынын көріп қынжылды. Осыдан келіп, Міржақып Дулатов мынадай ой айтады: «Әйел – біреудің анасы, біреудің баласы, біреудің апасы, біреудің қарындасы екенін парықтамайтын қазақтың әдеті – бассыздық. Бүкіл халықтың тәрбиесі – әйелдің қолында, әйел – халық анасы. Сондай анаға теңдік әпермеу, оның сүйіспеншілігіне, махаббатына жол бермеу, оны оқытпау, тәрбиесіз қалдыру қылмыс», -деген ойын тебірене айтады.

Небәрі 27 жыл ғұмыр кешіп, артына өшпес әдеби мұра қалдырған С.Торайғыров «Қамар сұлу» романын 21 жасында жазған. Жазушы Қамар мен Ахметтің арасындағы махаббат трагедиясын шебер жеткізеді. Өз билігі өзіне жүрмеген әйел тағдыры, сүйгенінің аңсаған ғашықтық зары, әлеуметтік әділетсіздік мәселелері көтерілген.

Қазақтың классик жазушысы С.Мұқановтың «Ботагөз» романы қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан көркем туынды. Романның басты кейіпкері Ботагөздің күнделікті күйбең тірліктің ауыртпалығында жаншылып қалмай, жаңа саяси жүйенің қалыптасуына атсалысқан азаматтық белсенділігі мен

күрескерлік келбеті сипатталады. Елдің әлеуметтік жағдайын, әйел тағдырын аса шеберлікпен баяндайтын көркем туынды әлі күнге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Қазақ әңгіме жанрының хас шебері, жазушы Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты қазақ әдебиетінің асыл қазынасы. Ажары адамы естен тандыратындай сұлу, ақылы мен парасаты келіскен, мінезі биязы, салмақты, Шұға сол замандағы қазақ қыздарының эталоны. Шұға мен Әбдірахманның арасында махаббат сезімі тұтанады. Байдың қызын алуға мүмкіндік бермейтін әлеуметтік жағдай да қолға байлау болады. Жалған жала жауып абақтыға қамалған ғашығының күйігінен Шұға құсалықпен ауырады [4, 45-52].

Жазушылар өздері өмір сүріп отырған қоғамдағы әйелдерді шығарма кейіпкеріне айналдыра отырып, олардың жалпы түсініктерін, психологиялық болмыстарын суреттеу барысында қай қоғам, қай дәуірде болсын адам бойындағы жақсылық пен жамандық мәңгі қатар жүретіндігін көрсетуді көздеген философиялық сипат байқалады [5, 12].

С.Тапанованың сыншылдық болмысына тән негізгі сипаттар ретінде сыни пікірлеріндегі жан-жақтылық, айқындық пен дәлелділік, теориялық тұрғыдан біліктілік, әдеби туындыны көркемдік тұтастық ретінде қарастыру, жеке тұлға мен әдеби-қоғамдық ортаның бір-біріне әсер-ықпалы жайындағы объективті түсінік сияқты мәселелерді атауға болады.

С.Тапанованың зерттеулеріне тән бір ерекшелік ретінде оның өзі зерттеу нысаны етіп алған мәселе жайында ең әуелі баға беріп алып, содан соң сол бағасын жүйелі түрде дәлелдеуге көшетіндігін атап өткен жөн. Қандай да бір мәселе төңірегінде ой өрбітсе де, сыншы-ғалымның әркез объективті көзқарас тұрғысынан баға беруге ұмтылатыны, ой-пікірді жеткізудегі сыншы тілінің оралымды, әрі әсерлі болып келетіні оның еңбектерінің қай-қайсынан да айқын танылады деп ойымды аяқтағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклористикасының тарихы. А., 1983. – 278 бет.
2. Ғабдулин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. А., 1996. – 368 бет.
3. Х. Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 2006. – 904 б.
4. Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. А., 1993. – 248 бет.
5. Тапанова С. Қазіргі қазақ әдебиеті Ж., 2009. – 282 бет. //кредиттік оқу жүйесіне негізделген дәрістер//.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ Д.ИСАБЕКОВТЫҢ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫ БОЙЫНША ТАПСЫРМАЛАР ТОПТАМАСЫ